

**«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ  
ШЖҚ «Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығы» КМК  
қызметкерлерінің қатысуымен өткен жиналыс хаттамасы**

**Талдықорған қаласы**

**11 желтоқсан 2023 жыл**

Қатысқандар: Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығының директоры А.Заханова, директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары Е.Сахтапова, медициналық қызмет көрсету сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Е.Көбелдесов, кәсіподақ ұйымның төрағасы Н.Смағұл, бөлім меңгерушілері, дәрігерлер.

**Күн тәртібінде:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет туралы.

**Н.Смағұл:** Құрметті әріптестер!

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Жалпы мәдениет – ұлт өмірінің айнасы, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан халықтың рухани келбеті, мейірімі мен парасат-пайымы болып табылады.

Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу, оның алдын алу еліміздің маңызды мәселесі. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу дегеніміз - бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты.

Осы орайда, айтатыным, бізге жүктелген міндеттерімізге аса үлкен жауапкершілікпен қарап, адал қызмет атқару басты мақсат деп ұстанайық. Атқарып отырған қызметімізді жеке мүддеге пайдалануды ойламай, еліміздің тыныштығын, халқымыздың денсаулығын ойлайық және әрқашан мәдениетті болайық деп, дәрігерлерге арналған жақсы «Ел басына күн туса жәй жатпайтын, Қарсы болып жұмысына үн қатпайтын. Мамандар бар елі үшін антын беріп, Бар сайманын сайлап жүрер, еш сатпайтын» деген бір өлеңнің шумағымен тамамдайын.

**Төрағалық етуші**

**А.Заханова**

**Кәсіподақ ұйымының төрағасы**

**Н.Смағұл**

**Хатшы**

**Б.Ахметжанова**

